

Ежелгі Египет



Ежелгі




Египет

Жазу

Египетте жазу өнері б.з.б. IV м.ж. пайда болды. Ең алғаш жазулар сурет ретінде салынған. Ең алғаш жазуларды таңбалар мен суреттер құрады. Бұндай таңбалар иероглифтер деп аталды, ал египеттік жазу иероглифика деп аталады. Олардың саны 700-ден аса болды, ал кейінірек тіпті бірнеше мыңға дейін жетті. Иероглифтер ондағы бейнелер қайда қарап тұр, солай оқылады. Оңнан



Папирусқа жазылған иероглифтер.




Тасқа жазылған иероглифтер.

Египеттіктер тасқа, ағаш қабығына, балшыққа, теріге жазған. Соның ішінде ең көп тарағаны папирус өсімдігінен жасалған қағаз-папирус болды.

Египетте жазу үшін папирус пайдаланды.



Математика.



Риндтің (б.з.б.1700 ж.)
математикалық папирусы.

Математикадағы жетістіктер:

- Пирамидалар салғанда оның көлемін есептеп отырған.
- Күрделі геометриялық құрылыстар салған.
- Архитектура мен сурет өнерінің бірлестігін анықтап, ұтымды пайдалана білген.
- Дөңгелек көлемін қандай әдіспен анықтау керектігін білген.
- Түбірасты квадраттарын анықтай білді.
- Кез келген заттың көлемін есептей алған.
- Арифметикалық және геометриялық прогрессия туралы білді.

Геометрия

Пирамидалар



Египеттегі ең ежелгі пирамиданы перғауын Джосер (б.з.б. 2780-2720 жж.) салдырған.



Әлемнің жеті кереметінің бірі саналатын ең атақты пирамиданы перғауын Хуфу (Хеопс б.з.б. 2551-2558жж.) салғызған. Оның ұзындығы 146 метр.



Египет
пирамидалары
әлем
кереметтерінің
бірі болып
табылады



Астрономия.

Египеттіктердің астрономия саласына қызығушылығы жоғары болды. Әр түрлі планеталар мен жұлдыздарды айыра білген. Өз білімдерін күнтізбе жасауға жұмсаған. Ең негізгі жұлдыз Сириус болды, египеттіктер оны Сопдет деп атады. Ең алғашқы египеттік күнтізбенің шығуын осы жұлдызбен байланыстырған.

Астрономия.

Астрономиядағы жетістіктер:

- 365 күннен тұратын күнтізбені құрастырды.
- Суда ұстайтын шыдамды сағатты ойлап тапты.
- Жұлдыздарды жұлдыздар бірлестігіне біріктіріп, оларға атау берді.
- Күн сағаттары арқылы күндізгі уақытты анықтады.
- Түнгі уақытты анықтайтын жұлдыздар кестесін жасады.



Медицина.

Египеттіктердің медициналық жетістіктері біздің күнге дейін жеткен. Олардың дәрігерлері әр сала бойынша маманданған: біреулері көзді қараған, екіншілері-тіс, енді біреулері-аяқ.

Жетістіктері:

- Әр түрлі аурудың емі жазылған Эберстің папирусы табылған.
- Сүйек ауруларының сипатын жазған Херст папирусы.
- "Книга сердца" кітабында жүрек ауруларының сипатын және оны емдеу жолдары берілген.
- "Книга глазных болезней" көз ауруларының емі жазылған.





Түрлі жарақаттардың емі жазылған Смиттің хирургиялық папирусы (б.з.б. 13 ғ.).

Медицина және дін.

Медицина дінмен тікелей байланысты болды. Ауруды емдеуде дұға оқу ерекше орында болды. Храмдарда дәрігерлер өмір сүрді, олар абыздар қызметін де атқарды.

Ежелгі египеттік дәрігерлер адам денесінің құрылысын жақсы білген. Олар дінмен байланыстыра отырып ежелгі адамның денесін келесі жаңа өмірге дайындап, бальзамдап, арнайы ақ матамен ораған (мумиялаған).





Египет мәдениеті — сан-салалы мәдениет. Солардың бірі — біздің заманымызға келіп жеткен Египеттің ең көне жазу текстері. Олар — құдайларға құлшылық ету мен шаруашылықты жүргізуге байланысты жазбалар. Біздің заманымаздан бұрынғы екі мыңыншы жылдыққа жататын ең көне әдеби мұралардың кейбіреулері сақталып қалған, бірақ ғалымдардың пікірінше, бұлардан да көне әдеби мұралар болғандығы ақиқат. Өкінішке орай, олар біздің заманымызға дейін келіп жетпеген. Египеттің көркем әдебиетінің түрлі жанрлары болған. Олар: патшалар мен ұлы даналардың өз балаларына арналған нақыл сөздері, түрлі тақырыптарды қамтитын әңгімелер және тағы басқалары Көне Египет әдебиетінің тамаша туындыларының бірі — «Өмірден тұңілген адамның өз жанымен сұхбаты» деп аталады.

Адамдар санасында қалыптасқан аруаққа табыну — перғауындарды «құдай» деп танумен тығыз ұштасты. Ал құдай — патшалардың (перғауындардың) құрметіне пирамидалар (мазарлар) салына бастады. Өз кезегінде Египеттің жоғары әміршісі — құдай саналған перғауын өзінің құрметіне салынған мазардың әрі асқақ, әрі берік етіп салынуына ерекше мән берді.



Сфинкс

- Ерекше атап өтетін бір жайт, Египет жерінде салынған ғибадатханалардың алдына сфинкстер тұрғызылды. Тастан қашалып жасалған сфинкстердің денесі арыстан, ал басы адам бейнесінде болды. Оның басы перғауынды бейнеледі. Сфинкс — Египет өміршісінің құдіреті мен күшінің оның даналығы мен жұмбақтығының жаршысы болды. Ең алып сфинкс б.з.б үшінші мыңжылдықта салынған. Ол осы уақытқа дейін Хефрен пирамидасын күзетіп тұр

Египет сфинкси



HABANTAN BILANGAN KEMER